

FTAMP 14.85.09

Ұ.М. Лесбекова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Сулейман Демирел университеті, Қаскелең к., Қазақстан

## ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ КӨЗҚАРАС

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі білім берудің жаңа технологияларын қолдану мен білімалушылардың тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі сөз болады. Білім беру талаптарының мазмұнының өзгергені және оны орындаудағы педагог қауымының міндеттері де талданады. Оқушылар мен студенттердің білім сапасын жақсартуда маңызды деген интербелсенді әдістер туралы ғалымдар пікірлері мен тұжырымдарына талдау жасалады. Жаңа технологияларға деген заманауи көзқарас негізінде сараптама жүргізілді. Жалпы педагогтардың өз білімін жетілдіруі мен кәсіби маман болудағы өз тәжірибелеріне ендіруге болатын, тиімділігі бар интербелсенді әдістерге шолу жасалды.

**Кілт сөздер:** интербелсенді әдістер, оқу-танымдық, ақпараттандыру, демократияландыру.

\*\*\*

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы формирования личностных компетенций обучающихся с применением новейших технологий и современного образования. В его исполнении, изменении содержания образования и педагогических условий анализируются и задачи общины. Представлены отзывы об интерактивных методах в улучшении качества образования учащихся и студентов, ученых и проведен анализ наиболее значимых выводов. Освещается новый взгляд на современные технологии, на основании проведенной экспертизы. Изучен опыт внедрения и совершенствования знаний педагогов в своей профессиональной деятельности.

**Ключевые слова:** интерактивные методы в учебно-познавательной деятельности, информатизация, демократизация.

\*\*\*

**Abstract.** The article deals with the use of modern educational technologies and the formation of personal competence of the students. Changes in the content of education requirements and the role of the teacher community in its performance are also analyzed. The analysis of the opinions and conclusions of scientists on the interactive methods that students and students are important in improving the quality of education. An analysis was made based on the modern approach to new technologies. An overview has

been made of interactive methods that can be implemented by teachers in their own experience in improving their knowledge and professional skills.

**Keywords:** interactive methods, educational, cognitive, informatization, democratization.

Әлемдік бәсекелестік заманында әрбір адамның білім сапасын, қабілеттілік деңгейін, іскерлік мүмкіндігін анықтайтын адам ресурстарын дамыту мәселесі күн тәртібіне өткір қойылып, адамның білімі мен біліктілігі қазіргі кезеңде мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды көрсеткішіне айналып отыр.

Білім сапасын жақсартуға бағытталған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда инновациялық технологиялар мен оған деген заманауи көзқарастарды мақалада қарастыратын боламыз. Оның ішінен «Интербелсенді әдістер арқылы оқытуда оқушының өзіндік пікірін қалыптастыру» аспектісін алатын болсақ, мұндағы мақсат – оқушылар арасында еркін, ашық шығармашылық қарым-қатынас орнату, оқушыларға білімді өз бетімен ізденуге бағыт-бағдар сілтеу, оқушыларға қажетті білік-дағдыларды қалыптастыру, белсенділікті дамыту.

Аталған мақсатты жүзеге асыруда мынадай міндеттер маңызды рөл атқарады:

- зерттеу жүргізу және жоспарлау, сабақта интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдана оқыту;
- оқушыларды өз бетімен білімді игеруге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, сыни тұрғыдан ойланып, проблемаларды шешуге дағдыландыру;
- қазіргі заманғы жаңа техникаларды қолдана білу білімдерімен және дағдыларымен қаруландыру, оқу үрдісінде кеңінен қолдану[1].

«Интербелсенді» дегеніміз мұғалім мен оқушылардың қоян-қолтық қарым-қатынаста болуы, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру. Интербелсенді оқыту үйренушілердің оқу процесіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары мен тәсілдері ретінде таниды. Сондықтан да интербелсенді оқыту оқу үдерісінің тиімділігі мен нәтижелігін үйренушілердің есте сақтау дәрежесімен өлшенбей, олардың әрекеттерімен бағаланады, тек әрекет арқылы ғана үйрену ықтимал деген қағида ұстанады.

Осы қағиданы ұстанған мұғалім оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтып, сабақтарында оқушы бойындағы идеясы мен білім – біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруды талап етеді. Интербелсенді оқытудың негізгі қағидалары: орта қалыптастыру, әрекет арқылы үйрету, өмірмен байланыстыру, дербестікке баулу.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамдық құндылықтар, ғылым мен практиканың жетістіктері тұлғаның жан-жақты қалыптасуы мен дамуына бағытталған білімді алу үшін қолайлы жағдайлар жасау» - делінген [2]. Қойылған міндетті шешудің жолдарын іздеу педагогикалық зерттеулердің әр түрлі бағыттарында жүріп жатыр. Жаңа педагогикалық технологиялар өріс алуына орай оқыту үрдісіне «интерактивті оқыту», «интерактивті оқыту әдістері» ұғымдары жиі қолданылатын болды. Бұл ұғымдардың ортақ түбірі «интер» ағылшын тілінің «бірлескен әрекет» деген сөздерінен енген. «Интерактивті оқыту» өзара әрекеттесуге негізделіп құрылған белсенді оқыту деп анықтауға болады, ал «интерактивті оқыту әдістерінің» ұғымының мәні студенттердің өзара белсенді байланыста болып, мұғалімдермен бірлесіп отырып жұмыс жасау, оқу-танымдық нәтижелерге жету. Интерактивті оқыту әдістерінің дәстүрлі әдістерден артықшылығы, студенттерді енжар тыңдаушы емес, белсенді, өз бетімен білім ізденуші, табиғат, қоғам заңдарын өздігімен ұғынуға мүмкіндік тудыруда. Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Л.В.Занков және т.б. ғалымдардың зерттеулері оқытудағы қарама-қайшылықтарды тек дамыта оқытудың көмегімен ғана жоюға болатынын дәлелдеді [3,4,5].

Ғалым-педагог В.П.Беспалько педагогикалық технологияға мынадай анықтама береді: «Практикада іске асатын нақты педагогикалық жүйе, жоба» [6]. Мұнда ғалым педагогикалық жүйені тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, мақсатты, бір-бірімен өзара байланысты әдіс-тәсілдер жиынтығы ретінде қарастырады.

Оқыту технологияларының қағидасы - оқытуды ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында, өздігімен даму бағдарын анықтап, дамитын және өздігімен дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп өсіруші, өзін-өзі тәрбиелеуші тұлға қалыптастыру болады. Ал өздігімен оқытудың осындай мақсаттарын жүзеге асыру үшін, білім беру жүйесінің алдында тұрған басты мақсат - жаңа технология талаптарына сай жаңа оқулықтар мен дидактикалық құралдар жазу болып табылады. Олардың құрылымын электрондық оқулық арқылы жасап, жаңа заман талабына сай білім беру бүгінгі таңдағы біздің міндетіміз.

Бұл тапсырмалар бір жағынан, студенттің өздігімен дамуын көздесе, екінші жағынан, оқытушы студенттің белсенді іс-әрекетте тапсырмаларды орындауға бағыттаушы болып келеді. Оқытушы – студент арасындағы диалог, өзара әрекет тапсырмалардың шығармашылықпен дайындалуын және орындалуын сипаттайды. Бұл – интерактивті оқытудың көрсеткіші. Оқытушы компьютерлік байланыс арқылы студенттің тапсырмаларды орындау сапасын,

кездесіп жатқан қиыншылықтарын, оларды жеңіп шығатын жолдарды іздеуін байқап отырады да, студентке дұрыс бағыт беруге ұмтылады. Тіпті ынталандыру тәсілдерін де қолдануға мүмкіндіктер табады. Әрине, оқытушының ең маңызды міндеті – студентті өздігімен тапсырмаларды орындауға бағыттау. Сондықтан, интерактивті әдістердің мәні – сұрақ-жауап, пікір айту, диалог құру арқылы белсенді байланыста болу, деңгейден деңгейге жетуге тапсырмаларды күрделендіріп ұйымдастыру, білім сапасының дамуын қадағалап, бақылау.

Интерактивті әдістерді ақпараттық технологияларда пайдаланудың тиімді жақтары деп мыналарды атауға болады:

- оқытушының студенттермен, студенттердің бір-бірімен компьютерлік байланыс арқылы сұхбаттасуға, оқу әрекетін белсендіруге мүмкіндіктердің мол болуы;
- электрондық жазба арқылы әр түрлі пікірлерді ортаға салуы;
- дұрыс шешім табуға ынталануы, басқа пікірлерді есепке алуы;
- мультимедиялық құралдар арқылы интерактивті оқытуда оқу, жазу, ойлау әрекеттері тиімді орындалуға мүмкіндік алады.

Өйткені педагогикалық процеске студенттер көру, есту, ұғыну, іс-тәжірибеде қолдану арқылы білімді нығайтуға негізделеді. Ақпараттық технологияларда интерактивті әдістерді қолдану үшін оқытушыға екі бағытта білімді жетілдіру қажет: 1) ақпараттық технологиялар түрлерімен мәнін ұғыну; 2) интерактивті оқытудың әдіс-тәсілдерінің ішінде ақпараттық технологияларда қолданылатын тиімді түрлерін іріктеп алу. Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде педагогтің рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды, оқытушы тек қана білімді алып жүруші ғана емес, сонымен қатар студенттің өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталады. Осыған орай сабақ беру процесінде интерактивті оқытудың мына түрлерін ұсынуға болады:

1. Презентациялар
2. Пікірталастар
3. Кейс – стадий әдісі
4. Топпен жұмыс
5. Ой қозғау әдісі
6. Шағын зерттеулер
7. Искерлік ойындар
8. Рольдік ойындар
10. Инсерт кестесі әдісі
11. Сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою
12. Проблемалық жағдаят туғызу, т.б.

Ақпаратты беру оқытушы мен студенттің қарым-қатынастық ұстанымдарына негізделген. Жоғарыда көрсетілген әдістер студенттердің

белсенділігін арттырып, алынған мәліметтерді шығармашылық тұрғыдан қайта өңдеу болып табылады. Республикамызда білім беруді реформалаудың мақсаты жұық арада оқу-әдістемелік кешендерді толық жаңартуды, сапаны бағалауды, бүкіл білім беру жүйесін бұдан әрі ізгілендіру, ақпараттандыруды, демократияландыруды талап етеді. Білім беру жүйесін ақпараттандыру дегеніміз - берілетін білім сапасын арттыруды жүзеге асыруға бағытталған процесс, яғни еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлеріне кәдімгі дәстүрлі технологияларды тиімді жаңа компьютерлік ақпараттандыру технологияларына алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту, нақты жүзеге асыру шаралары болып табылады.

Маңыздылығы – еліміздегі цифрландыру бағдарламасына сәйкес, білім беруді дамыту және бәсекеге қабілетті білімді ұрпақ тәрбиелеу деген тұжырым жасауға негіз бар.

Ал сын тұрғысынан ойлауға үйрету модульдері стратегиялары арқылы сыныпта ынтымақтастық атмосферасы қалыптастырып, оқушылармен кері байланыс орнатуға бағытталады. Білімгерлердің сыни ойлауына, өзіндік ой қалыптастыруына, еркін сөйлеуге, тұжырым жасауына қалыптасуы жүзеге асады.

Топтық жұмыстар негізінде барлық оқушы жұмыспен қамтылып, көптеген оқушылардың қабілеттері ашыла түседі. Көбінесе шығармашылық үрдісі қалыптасады.

Қорыта айтқанда, мұғалім жаңаша оқыту тәжірибесін пайдалана отырып, өз білімін өзара байланыстырып ұйымдастыра білсе, әр түрлі базалық мәліметтерді іздестіре отырып, технологиялар мен ақпараттарды қолданып, икемділік танытса және еңбекте ынтымақтастықта болып, келіспеушілік пен әр түрлі көзқарастылыққа көренгендік танытса, жетістікке жететіні сөзсіз.

Оқу-тәрбие үрдісінде интербелсенді әдістерді қолдану арқылы мынадай жетістіктерге жетуге болады:

1. Оқушылардың білім сапа көрсеткіштерінің артуы.
2. Оқушыларды пәндік олимпиадаларға дайындаудың жолға қойылуы.

Ең бастысы, заман ағымына сай жаңа технологияларды үйреніп, өз тәжірибемізге ендіру үстіндеміз. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Жолдауында «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды» [7],- деп мақсат қойып отыр.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты білгір маман болу мүмкін емес. Заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар,

шығармашылықпен жұмыс істеп, оқытудың озық технологиялары мен инновациялық әдістерді сабақ үрдісінде тиімді пайдалана алатын білігі мен білімі жоғары ұлағатты ұстаз болу керек деген сөз. Сондықтан мұнымен шектеліп қалмай, алдағы уақыттарда өз білімімізді жетілдіріп, жаңа технологиялардың белсенді, тиімді жолдарын білуге, сонымен жұмыс жасауға әрекеттенгенде кәсіби маман боларымыз сөзсіз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- 1 Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы.
- 2 Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасы // Егемен Қазақстан, 27.05. 2006.
- 3 Выготский Л.С. Педагогическая психология // Психология: классические труды. – М. 1991 г. – 480 с.
- 4 А.А. Леонтьев. Психология общения. 2-изд.: испр. и доп. – М.: Смысл, 1997 г. – 365 с.
- 5 Л.В. Занков. Обучение и развитие. – М.: Педагогика, 1975 г. – 440 с.
- 6 В.П. Беспалько Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 1989. – 192 с.
- 7 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2012 ж., 14 желтоқсан.